

Smart Glasses
MOVERIO
BT-35E

EPSON[®]
EXCEED YOUR VISION

Пайдаланушы нұсқаулығы



© Seiko Epson Corporation 2018. All rights reserved.
2018.9

Moverio веб-сайты туралы ақпарат

Техникалық ақпаратты қамтамасыз етеді.

<https://tech.moverio.epson.com/en/bt-35e/>

Мазмұны



Қауіпсіздік нұсқаулықтары	4	Белдік қысқышын/кабель ұстағышын пайдалану	23
Пайдалану туралы ескертпелер	9	Бөлшектерді ауыстыру	25
Бірге берілген заттар	10	Қара әйнекті бекіту және алып тастау	25
Бөлшек аттары мен функциялар	11	Имек тұтқаның сабын ауыстыру	26
Интерфейс блогы	11	Мұрын тіректері ауыстыру	27
Гарнитура	12	Қолдау көрсетілетін жабдық және бағдарламалық жасақтама	28
Интерфейс блогы мен сыртқы құрылғыларды қосу	13	Микробағдарламаны жаңарту	29
Кірістер және шығыстар	13	Техникалық қызмет көрсету	30
HDMI арқылы қосылу	14	Ақаулықтарды жою	31
USB Type-C коннекторы арқылы қосылу	15	Сипаттамалар	32
Кескіндерді қосу/көрсету	17	Өнім сипаттамалары	32
Күту режимі және AV Mute функциясы	18	Бейне шығысы	33
Кеңейтілген функциялар	19	Қуат	33
Гарнитураны тағу	21	Интеллектуалдық меншік құқықтары	34
Көзілдірікті қию	22	Жалпы ескертпелер	35
Қалқаны пайдалану	22	Қауіпсіздік таңбаларының тізімі	36
		Epson проекторының контактілер тізімі	38

Пайдаланушы нұсқаулығының мазмұны





Пайдаланушы нұсқаулығы	Бұл нұсқаулық осы өнімге қатысты қауіпсіздікті, негізгі жұмыс әдістерін және ақаулықты жою туралы ақпаратты ұсынады. Өнімді қолданбас бұрын осы нұсқаулықты оқып шығыңыз.
Іске қосу нұсқаулығы	Осы өнімді алғаш рет пайдалану бойынша процедуралар түсіндіріледі.

Осы нұсқаулықта қолданылатын таңбалар

■ Қауіпсіздік таңбасы

 Ескерту	Бұл таңба ақпаратын ескермеген жағдайда өнімнің дұрыс пайдаланылмауына байланысты ауыр жеке жарақатына, тіпті, адам өліміне себеп болады.
 Сақ болыңыз	Бұл таңба ақпаратын ескермеген жағдайда өнімнің дұрыс пайдаланылмауына байланысты ауыр жеке жарақатына немесе физикалық зақымға себеп болады.

■ Жалпы ақпараттық таңбалар

	Мұқият болмаған жағдайда, өнімнің зақымдалуына немесе адамның жарақаттануына себеп болатын процедураларды білдіреді.
 []	Интерфейс блогындағы түймелер мен пернелерді көрсетеді.
	Тақырып туралы пайдалы қосымша ақпарат пен пункттерді білдіреді.
	Байланысы ба тақырып сілтемесін білдіреді.

Қауіпсіздік нұсқаулықтары

Жеке қауіпсіздігіңіз үшін өнімді дұрыс қолдану мақсатында қосымша берілген құжаттарды мұқият оқып шығыңыз. Құжаттарды оқып болған соң, кейінірек қайта қарау үшін қауіпсіз жерге сақтап қойыңыз.

Ескерту Қолдану ортасы мен жағдайына қатысты сақтық шаралары

Бұл өнімді тек белгіленген қуат көзінің кернеуінде қолданыңыз.

Тек өніммен бірге жабдықталған АТ адаптері мен арнайы USB қуат кабелін пайдаланыңыз. Басқа қуат жеткізу құрылғысын пайдалану қызып кетуге, өртке, жарылысқа, ақаулыққа немесе сұйықтықтың ағуына себеп болуы мүмкін.

АТ адаптерін пайдалану кезінде төмендегі сақтық шаралары бойынша әрекет етіңіз. Бұл сақтық шараларына құлақ аспау өрттің шығуына немесе электр тогының соғуына себеп болады.

- Басқа да көп құрылғылар қосылып тұрған розеткаға АТ адаптерін жалғаманыз.
- АТ адаптерін ластанған розеткаға тықпаңыз.
- АТ адаптерін розеткаға нық тығыңыз.
- Дымқыл қолмен ашаны ұстамаңыз.
- АТ адаптерін шүберекпен және соған ұқсас заттармен жаппаңыз немесе орамаңыз.
- Оттың, пештің немесе электрлік жылытқыштың жанында пайдаланбаңыз.

Закымдалған АТ адаптерін, арнайы USB қуат кабелін немесе USB Type-C кабелін пайдаланбаңыз. Бұл сақтық шараларына құлақ аспау өрттің шығуына немесе электр тогының соғуына себеп болады.

Қауіпсіздігіңіз үшін өнімді пайдаланбаған кезде қуат кабелін ажыратыңыз. Электр тогының соғуына, өрттің шығуына немесе ақаулықтың пайда болуына себеп болатын оқшаулау материалы нашарлауы мүмкін.

Найзағай ойнағанда ашаға тимеңіз. Бұл сақтық шараларына құлақ аспау өрттің шығуына немесе электр тогының соғуына себеп болады.

Өнімді терезелері жабық автокөлікте, тікелей күн сәулесі немесе салқындатқыштың алдында немесе ауа жылытқыштар сияқты көрсетілген жұмыс ауқымынан тыс температурадағы орындарда қалдырмаңыз. Сонымен қатар, температурасы кенет өзгертін орындарда қалдырмаңыз. Бұл өртке, апатқа, жаңылысқа немесе ақаулыққа себеп болуы мүмкін.

Бұл су өткізбейтін өнім емес. АТ адаптерін немесе әр коннектор портындағы коннекторларды және кабельдерді ылғал қолмен ұстамаңыз. Бұл сақтық шараларына құлақ аспау өрттің шығуына, күйік шалуға немесе электр тогының соғуына себеп болуы мүмкін.

Өнімді ваннада немесе душ сияқты су тиетін немесе ылғалдану деңгейі жоғары жерлерде пайдаланбаңыз. Бұл сақтық шараларына құлақ аспау өрттің шығуына немесе электр

тогының соғуына себеп болады.

Бұл өнімді асуі немесе ылғалдатқыштардың қасы сияқты түтін, бу, жоғары ылғалдылық немесе шаң тиетін орындарға қоймаңыз. Ол өрттің шығуына, электр тогының соғуына немесе кескін сапасының нашарлауына себеп болуы мүмкін.

Пайдалану кезінде бұл өнімді шүберекпен немесе соған ұқсас материалмен жаппаңыз. Ыстық немесе алау корпустың пішінін өзгертуі мүмкін.

Жұмыс істеп тұрған кезде интерфейс блогын тым ұзақ ұстамаңыз. Кері жағдайда жабдық қалтада немесе киімнің үстінде болған жағдайдың өзінде теріге тым ұзақ жанасатын болса, төмен температурада бұл күйік шалуға әкелуі мүмкін.

Камера объективін тікелей күн сәулесіне ұзақ уақытқа қоймаңыз. Бұл объективтен сәуленің топтасуы себебінен өрттің шығуына немесе жарылуға себеп болуы мүмкін.



Ескерту Өнімді қолдануға қатысты сақтық шаралары



Өнімді жоғарғы дыбыс деңгейінде пайдаланбаңыз. Ол есту қабілетінің нашарлауына себеп болуы мүмкін. Өнімді өшірмес бұрын дыбыс деңгейін төмендетіңіз және өнімді қосқаннан кейін дыбыс деңгейін ақырын көтеріңіз. Естудің мүмкін зақымын болдырмау үшін, ұзақ уақыт бойы жоғары дыбыс деңгейінде тыңдаудан бас тартыңыз.

Кабельді коннектор порттарындағы коннекторға енгізу/шығару кезінде тартпаңыз. Сондай-ақ коннекторды тікелей коннектор портына қосқаныңызға көз жеткізіңіз. Қосылым толық немесе дұрыс болмаса, ол өрттің шығуына, күйік шалуға немесе электр тогының соғуына себеп болуы мүмкін.

USB-C немесе HDMI портына жалғанған кабельдер үшін түпнұсқалық, сертификатталған өнімдерді пайдалану қажет. Сертификатталған өнімдер пайдаланылмаған кезде, осы сақтық шаралары сақталмаса, бұл өрттің шығуына, күйік шалуға, электр тогының соғуына немесе дұрыс емес сымдарға және тағы да басқа себептерге байланысты өнімнің зақымдалуына әкелуі мүмкін.

Бөгде ток өткізгіш нәрселерді сыртқы құрылғы коннекторына немесе тыңдау құралының микрофон ұяшығына тигізбеңіз және кез келген бөгде ток өткізгіш нысандарды жалғау порттарына салмаңыз. Ол қысқа тұйықталуға себеп болып, өрт шығуы немесе электр тогының соғуы мүмкін.

Алкоголь, бензин немесе бояу езгіш сияқты ерітінділердің өнімге тиіп кетпеуін қадағалаңыз. Сонымен қатар, өнімді дымқыл шүберекпен немесе ерітінділермен тазаламаңыз. Бұл өнім корпусын майыстыруы немесе оған сызат түсіруі мүмкін және электр тогының соғуына, жаңылысқа немесе өртке себеп болуы мүмкін.

Өнім корпусын тек білікті қызмет көрсету маманы ашуы керек. Сонымен қатар өнімді (тұтынылатын заттарды қоса) бөлшектемеңіз немесе қайта құрастырмаңыз. Өнімнің ішіндегі

көптеген бөлшектер жоғары кернеуге ие және өртке, электр тогының соғуына, апатқа немесе улануға себеп болуы мүмкін.

Өнімнің әйнегін қатты нәрселерге соқпаңыз. Әйнектер зақымдалса, ол жарылып, көздеріңізге немесе бетіңізге ауыр жарақат келтіруі мүмкін.

Өнімді отқа тастамаңыз және ысытпаңыз. Шам сияқты ашық жалыны бар нәрселерді осы өнімге қоймаңыз. Бұл қызып кетуге, өртке немесе жарылысқа себеп болуы мүмкін.

Ескерту Кескіннің сақтық шараларын көрсету

Көлік жүргізгенде, мотоцикл немесе велосипед жүргізгенде немесе басқа да қауіпті тапсырмаларды орындағанда өнімді тақпаңыз. Ол оқыс оқиғаның орын алуына немесе жарақаттануға себеп болуы мүмкін.

Бұл өнімді баспалдақ немесе биіктік сияқты тұрақсыз орындарда пайдаланбаңыз. Сонымен қатар кабельдерге сүріну мүмкін болған, көп қозғалыстағы аппараттар немесе жабдықтардың қасы сияқты қауіпті орындарда немесе қараңғы жерлерде жүргенде өнімді пайдаланбаңыз. Ол оқыс оқиғаның орын алуына немесе жарақаттануға себеп болуы мүмкін.

Өнімдегі суреттерді көріп жүру кезінде, айналаңыздағы заттарға абай болыңыз. Егер кескінге тым көп назар аударсаңыз, бұл апаттарға, құлауға және басқа адамдармен соқтығысуға әкелуі мүмкін.

Қараңғы жерлерде қарау кезінде кескіннің жарықтылығына байланысты қоршаған ортаны көру қиын болуы мүмкін. Қоршаған ортада мұқият болыңыз.

Бұл өнімді кішкентай бөлмелерде пайдаланғанда, қоршаған ортада мұқият болыңыз.

Бұл өнімді тағып жүргенде қалқаны пайдалансаңыз да, тікелей күнге немесе басқа жарықтық көздеріне қарамаңыз. Бұл көздеріңізге ауыр жарақат жеткізуі немесе көру қабілетіңізді төмендетуі мүмкін.

Өнімді тағу кезінде кабельдер айналадағы ешбір нәрсеге ілінбейтінін тексеріңіз. Сонымен қатар кабельдер мойыныңызға оралмайтынына көз жеткізіңіз. Ол оқыс оқиғаның орын алуына немесе жарақаттануға себеп болуы мүмкін.

Кабельге зақым келмейтініне көз жеткізіңіз. Кері жағдайда ол өртке немесе электр тогының соғуына себеп болуы мүмкін.

- Кабельді зақымдамаңыз.
- Кабельдің үстіне ауыр заттарды қоймаңыз.
- Кабельді күшпен бүкпеңіз, бұрамаңыз немесе тартпаңыз.
- Қуат кабелін ыстық электрлік құрылғылардан алшақ ұстаңыз.

Ескерту Өнімнің қалыпсыз жұмыс істеуіне қатысты сақтық шаралары

Келесі жағдайларда қуат кабелін ажыратыңыз және жергілікті дилеріңізге немесе Epson қызмет көрсету орталығына

хабарласыңыз. Жұмысты осы жағдайларда жалғастыру өрттің шығуына немесе электр тогының соғуына себеп болады. Өнімді өз бетіңізбен жөндеуге әрекеттенбеңіз.

- Түтін шыққанын көрсеңіз немесе бір түрлі иіс сезіп, дауыс естісеңіз,
- Өнімге су, сусын немесе өзге заттар кіріп кетсе.
- Өнім құлап, корпус зақымдалса.

Сақ болыңыз Пайдалану ортасы мен жағдайына қатысты сақтық шаралары

Өнімді дірілдейтін немесе ұрылатын жерге қоймаңыз.

Өнімді кескіндерді көру, ойындар ойнау немесе музыка тыңдау үшін пайдалану кезінде айналаңыздағы қауіпсіздікке зақым келтірілмейтініне көз жеткізіңіз және айналаңызда сынғыш заттарды қалдырмаңыз. Көріп жатқан кескіндеріңіз еркін қозғалуыңызға кедергі болып, нәтижесінде айналаңыздағы заттардың зақымдалуы немесе жарақаттануыңыз мүмкін.

Өнімді жоғары кернеулі желілер немесе магниттелген заттардың жанына қоймаңыз. Бұл апатқа, жаңылысқа немесе ақаулыққа себеп болуы мүмкін.

Техникалық қызмет көрсету кезінде қуат кабелін және барлық сымдарды ажыратып тастау керек. Әйтпесе, электр тогының соғуы мүмкін.

Сақ болыңыз Өнімді қолдануға қатысты сақтық шаралары

Өнімді кигенде өнім тиіп тұрған теріңіз (бет және т.б.) қышыса немесе кез келген әдеттегіден тыс бөртпелер пайда болса, өнім пайдалануды тоқтатыңыз және жергілікті дерматологқа хабарласыңыз.

Өнімді пайдалану кезінде терлесеңіз, бетіңіздегі және өнімдегі терді сүртіңіз. Осы жағдайларда пайдалануды жалғастыру қышуға немесе бөртпе пайда болуына себеп болуы мүмкін.

Жеке қауіпсіздігіңіз үшін USB-C немесе HDMI портын пайдаланған кезде, түрлендіру адаптерін немесе ұзартқыш кабельді пайдаланбаңыз.

Интерфейс блогын берік ұстаңыз немесе орнықты бір жерге қойыңыз және кабельдердің тартылуына жол бермеңіз.

Өнімді жергілікті заң мен заңнамаларға сәйкес жойыңыз.

Сақ болыңыз Кескіннің сақтық шараларын көрсету

Бұл өнім көмегімен кескіндерді көру кезінде жүйелі түрде үзіліс жасап тұрыңыз. Кескіндерді ұзақ уақыт бойы көруден көзіңіз шаршауы мүмкін. Тіпті, үзіліс жасағаннан кейін өзіңізді шаршаңқы немесе жайсыз сезінсеңіз, ары қарай көрмеңіз.

Өнімді лақтырмаңыз немесе шамадан тыс күш қолданбаңыз. Құлап қалу сияқты жағдайлардан өнім бұзылатын болса,

өнімді ары қарай пайдаланбаңыз. Өнімді одан ары пайдалану жарақаттауы мүмкін.

Өнімді тағу кезінде, жақтаудың шеттеріне назар аударыңыз. Сондай-ақ бұл өнімнің қозғалмалы бөлшектерінің арасына саусақтарыңызды салмаңыз. Әйтпесе, бұл жарақат алуға әкелуі мүмкін.

Бұл өнімді дұрыс таққаныңызға көз жеткізіңіз. Өнімді дұрыс қолданбау ыңғайсыздық тудыруы мүмкін.

Бұл өнім тек нұсқаулықта көрсетілген мақсатта ғана қолданылуы қажет. Әйтпесе, бұл жарақат алуға әкелуі мүмкін.

Өнімде ақаулық пайда болып, дұрыс істемеген жағдайда өнімді пайдалануды дереу тоқтатыңыз. Өнімді пайдалануды жалғастыру жарақаттануға немесе жайсыз сезінуге себеп болуы мүмкін.

Бұл өнімді таққан кезде теріңіз қолайсыз сезінетін болса, өнімді пайдалануды тоқтатып, жергілікті термотологпен кеңесіңіз. Сыртқы қабығына немесе өнім материалына байланысты кейде аллергия пайда болуы мүмкін.

3D кескіннің қалай қабылданатындығы әр адамға байланысты өзгеріп отырады. 3D форматын көру кезінде өзіңізді жайсыз сезінсеңіз немесе көре алмасаңыз, 3D функциясын қолданбаңыз. 3D кескіндерін көруді жалғастыру өзіңізді жайсыз сезінудің себебі болады.

Бұл өнімді алты жасқа толмаған балалар пайдаланбауы керек,

себебі олардың көру қабілетін енді дамуда.

Жеті жастағы не одан үлкен бала өнімді пайдаланса, олар бақылауда болуы және олар өнімді ұзақ уақыт пайдаланбауы керек. Балалардың физикалық жағдайына жоғары деңгейде көңіл бөлінуі және олардың көздеріне зиян келтірілмеуі керек.

Жарыққа сезімталдығыңыз болса немесе өзіңізді жайсыз сезінсеңіз, өнімді пайдаланбаңыз. Олай істеген жағдайда, одан ары нашарлауыңыз мүмкін.

Көзіңізге қатысты ақаулықтар болған жағдайда, өнімді қолданбаңыз. Ол көздің қылилануын, көз жанарының нашарлауын немесе анизометропия симптомдарын нашарлатуы мүмкін.

Пайдалану туралы ескертпелер

Бұл өнімде Si-OLED дисплей панелі пайдаланылады. Si-OLED сипаттамалары себебінен панельде босаңдау немесе жарықтық деңгейінің төмендеуі байқалуы мүмкін. Бұл ақаулық емес.

Босаңдауды азайту үшін келесілерді орындаңыз.

- Бір кескінді ұзақ уақыт көрсетпеңіз.
- Әрқашан бір орында көрсетілетін белгілерді немесе мәтінді жасырыңыз.
- Дисплей жарықтығын азайтыңыз.

Қауіпсіздік таңбаларының тізімі (IEC60950-1 A2 стандартына сәйкес)

Келесі кестеде жабдықта белгіленген қауіпсіздік таңбаларының мағынасы келтіріледі.

Бекітілген стандарттар: IEC60417 №5031


Мағынасы: Тура ток
Техникалық деректерді қамтитын тақтайшада жабдықтың тек тура ток әсеріне жарайтынын көрсету үшін; сәйкес клеммаларды анықтауға арналған.

⚠ Сақ болыңыз Гарнитураны пайдалануға қатысты сақтық шаралары

Гарнитураны лақтырмаңыз немесе шамадан тыс күш қолданбаңыз.

Тұтқаларды сыртқа қарай ғана ашуға болады. Басқа бағыттарда күш қолданбаңыз. Егер тұтқаларға шамадан тыс күш қолданылса, олар зақымдалуы мүмкін.

Құрылғыны тасымалдаған кезде тұтқаларға шамадан тыс күш қолданбау үшін, құрылғы жеткізілген қорапты және тасуға арналған сөмкені пайдаланыңыз.




Бірге берілген заттар



Гарнитура
➔ “Гарнитура” 612.



Интерфейс блогы
➔ “Интерфейс блогы” 611.




АТ адаптері
Штепсель айыры
➔ “Кірістер және шығыстар” 613.




Арнайы USB қуат кабелі
➔ “Кірістер және шығыстар” 613.



Қара әйнек құрылғысы
➔ “Қара әйнекті бекіту және алып тастау” 625.



Белдік қысқышы
Кабель ұстағышы
Орнату бұрандасы
➔ “Белдік қысқышын/ кабель ұстағышын пайдалану” 623.



Тасуға арналған сөмке
*Суға төзімді емес.

Бөлшек аттары мен функциялар

Интерфейс блогы

[⏻] (Күту режимі) түймесі

Күту режимін және AV mute функциясын орнатады және босатады және кескіндерді көрсетеді/жасырады.

→ “Күту режимі және AV Mute функциясы” б18.

[☀ / ☀] (Жарықтықты реттеу) пернелері

Жарықтықты 0 - 20 ауқымы аралығында біртіндеп реттейді. Жарықтықты арттыру немесе азайту үшін пернелерді ұстап тұрыңыз.

[🔊 / 🔊] (Дыбыс деңгейі) пернелері


Дыбыс деңгейін 0 - 15 ауқымы аралығында біртіндеп реттейді. Дыбыс деңгейін арттыру немесе азайту үшін пернелерді ұстап тұрыңыз.

Гарнитура қосқышы

Гарнитураны қосады.

→ “HDMI арқылы қосылу” б14.

→ “USB Type-C коннекторы арқылы қосылу” б15.



USB-C порты

USB Type-C портына қолдау көрсететін сыртқы құрылғыларға қосылады. Бейне сигналдарын енгізіп, жалғанған құрылғыдан қуат беруге болады. Сондай-ақ камера деректері мен датчик деректерін гарнитурадан жалғанған құрылғыға шығаруға болады.

→ “USB Type-C коннекторы арқылы қосылу” б15.

Жарық диодының индикаторы

Өнімнің күйін білдіреді.

Қызғылт сары: On	Күту режимі
Көк: Жыпылықтайды	Ешқандай бейне сигналы анықталмады
Көк: On	Кескіндерді көрсетеді
Көк: Баяу жыпылықтайды	AV mute функциясы қосулы
Қызғылт сары: Жыпылықтайды	Қате орын алды

Micro-B порты

Бұл порт қуатты қамтамасыз етуге арналған. (Оны деректермен алмасу үшін қолдануға болмайды.)

HDMI порты

HDMI портына қолдау көрсететін бейне жабдықтан немесе компьютерлерден бейне сигналдарын енгізеді.

→ “HDMI арқылы қосылу” б14.

Гарнитура

Имек тұтқаның сабы

Имек тұтқаның сабы кірленіп немесе бүлініп қалса, оларды ауыстыруға болады.

→ "Имек тұтқаның сабын ауыстыру" 626.

Жарықтық датчигі

Айналаңыздағы жарықтық деңгейін сезіп, экранның жарықтығын автоматты түрде реттейді.

Камера

Кескіндер мен бейнелерді түсіреді. Пайдалану алдында қорғаныс үлпегін алып тастаңыз.

Интерфейс блогының коннекторы

Интерфейс блогына салынады.

→ "HDMI арқылы қосылу" 614.

→ "USB Type-C коннекторы арқылы қосылу" 615.

Тұтқалар

Тағу үшін тұтқаларды ашыңыз.

→ "Гарнитураны тағу" 621.

Мұрын тіректері

Мұрын тіректері кірлеп қалса, оларды ауыстыруға болады.

→ "Мұрын тіректері ауыстыру" 627.

Қалқа


Өнімді шамадан тыс қоршаған орта жарығынан қорғайды.

→ "Қара әйнекті бекіту және алып тастау" 625.

Тыңдау құралының микрофон ұяшығы

Сатып алуға болатын тыңдау құралының микрофондарын жалғауға болады.

→ "Гарнитураны тағу" 621.



Интерфейс блогы мен сыртқы құрылғыларды қосу


Кірістер және шығыстар

Интерфейс блогы және сыртқы құрылғылар төмендегі деректер мен қуат көзін енгізеді/шығарады.

Порт атауы	Кіріс/Шығыс
USB-C	<ul style="list-style-type: none">• Камера немесе датчик деректерін шығарады.• Бейне сигналдарын енгізеді.• Қуат береді.
HDMI	Бейне сигналдарын енгізеді.
Micro-B	Тек қуат береді. (АТ адаптерін арнайы USB қуат беру кабелімен қосады.)



USB Type-C кабельдері рi мен HDMI кабельдері осы өніммен бірге жеткізілмейді. Оны алдын ала дайындап қою керек.




HDMI арқылы қосылу

HDMI порты арқылы жалғанған сыртқы құрылғылардағы кескіндерді көрсету үшін төмендегі қадамдарға сәйкес әрекет етіңіз.


1 Гарнитураны қосу.



3 Қуат көзін қосу.



2 Сыртқы құрылғыны қосу.



Гарнитура датчигін немесе камера деректерін пайдаланған кезде USB-C портына қосылыңыз. HDMI портындағы бейне сигналдары USB-C портындағы бейне сигналдарына қарағанда басымды болады.

➔ **“Гарнитура датчиктерін немесе камераны пайдаланғанда” б16.**




- Қуат көзін қоспас бұрын, гарнитураны қосқаныңызға көз жеткізіңіз.
- Гарнитура жұмыс істеп тұрған кезде, оны қосуға немесе ажыратуға болмайды.
- Гарнитура кабелін ажырату алдында міндетті түрде арнайы USB қуат көзінің кабелін ажырату қажет.

- HDMI порты түрлендіру адаптері арқылы қосылмайды.
- Жалғау порттарының пайдалану барысында тозуын болдырмау үшін, АТ адаптерін жиналғаннан кейін бөлшектемеңіз.

USB Type-C коннекторы арқылы қосылу

USB Type-C коннекторымен сыртқы құрылғыға қосылған кезде, гарнитура датчиктері мен камера деректерін пайдалануға, сондай-ақ кескіндерді көруге болады. Сондай-ақ оны қуат көзі ретінде пайдалануға болатындықтан, бір USB Type-C кабелін пайдаланып бір уақытта үш әрекетті орындауға болады; бейне сигналдарды енгізу, датчик/камера деректерін шығару және қуат беру.

1 Гарнитураны қосу.



2 Сыртқы құрылғыны қосу.



- Қуат көзін қоспас бұрын, гарнитураны қосқаныңызға көз жеткізіңіз.
- Гарнитура жұмыс істеп тұрған кезде, оны қосуға немесе ажыратуға болмайды.
- Гарнитураны ажыратпас бұрын, USB Type-C кабелін ажыратқаныңызға көз жеткізіңіз.
- Қосылған жабдық USB 2.0/3.0 нұсқаларына қолдау көрсету керек.
- Түпнұсқалық USB, сертификатталған USB Type-C кабелін пайдалану қажет.
- USB Type-C кабелін түрлендіру адаптері арқылы қосуға болмайды.

Интерфейс блогы мен сыртқы құрылғыларды қосу

USB Type-C коннекторы арқылы кескіндерді көрсету туралы ескертпелер

- Бұл өнім USB Type-C коннекторына арналған DisplayPort Alternate mode (DP Alt mode) режиміне қолдау көрсетеді.
 - **“Қолдау көрсетілетін жабдық және бағдарламалық жасақтама” 628.**
- USB Type-C коннекторын пайдаланып кескіндерді көрсету үшін, жалғанған құрылғылар USB Type-C коннекторының бейне шығысына қолдау көрсетуі керек.
- Құрылғыға байланысты кескіндерді көрсету мүмкіндігіне қолдау көрсетілмеуі мүмкін. Қосымша ақпарат алу үшін қосу керек жабдықпен бірге берілген нұсқаулықты қараңыз.

USB Type-C коннекторы арқылы қуат беру туралы ескертпелер

- Бұл өнім тогы 1,5 А шамасындағы USB Type-C коннекторына қолдау көрсетеді.
- Қосылған жабдықтың USB Type-C коннекторы арқылы берілетін 5 В/1,5 А немесе одан да артық қуат көзіне қолдау көрсететіндігін тексеріңіз.
- Егер қосылған жабдықтан қуат берілмесе, АТ адаптерінің қуат көзін Micro-B портына қосыңыз.
- Micro-B портынан берілетін қуаттың басымдығы бұл өнімнен жоғары тұруы керек. Пайдаланып жатқанда қуат көзін өзгертсеңіз, өнім уақытша өшіп қалады. Егер датчик/камера мүмкіндігін пайдаланып жатсаңыз, жалғанған құрылғыны қажетінше қайта реттеңіз.

Гарнитура датчиктерін немесе камераны пайдаланғанда


Гарнитураға салынған датчиктер мен камера деректері USB-C порты арқылы шығарылады. Кейбір құрылғылар датчиктер мен камералардағы деректерді пайдалануға қолдау көрсетпейді. Қосымша мәліметтер алу үшін төмендегі бөлімді қараңыз.

- **“Қолдау көрсетілетін жабдық және бағдарламалық жасақтама” 628.**

Кескіндерді қосу/көрсету

Қуат көзі Micro-B портынан немесе USB-C портынан алынса, бұл өнім қосылады. Сонымен қатар бейне сигналы қосылғанда, бейне автоматты түрде көрсетіледі.

Ешқандай бейне сигналы енгізілмесе, дисплейде < No Signal > сөзі көрсетіледі.



Кескінді көру кезінде, кескіндерді жасыруға және [⏻] түймесін (AV Mute) басу арқылы аудио дыбысын өшіруге болады.

AV mute функциясын өшіріп, кескіндер мен аудионы қалпына келтіру үшін [⏻] түймесін қайта басыңыз.

Өнімді өшіру үшін, қуат беру көзін ажыратыңыз.



Түймелерді пайдалану туралы ақпарат алу үшін төмендегіні қараңыз.

→ “Интерфейс блогы” 611.

→ “Кеңейтілген функциялар” 619.





- Фильм ойнатылған кезде, кескіндер жасырын болып және аудио дыбысы күту режимінде немесе AV mute функциясында өшірулі болса да, фильм ойнатыла береді. Фильмді тоқтату үшін, оны сыртқы құрылғыда тоқтату керек.
- Бұл өнім қайта зарядталмайды. Жеткілікті қуат беретін жабдықты жалғау керек.
→ “HDMI арқылы қосылу” 614.
→ “USB Type-C коннекторы арқылы қосылу” 615.

Күту режимі және AV Mute функциясы

Күту режимі және AV mute функциясы кескіндерді жасырып, аудио дыбысын өшіреді, бірақ екеуінің бірнеше айырмашылықтары бар.

Қажеттіліктеріңізге сай келетін тиісті режимді таңдаңыз.

	Орнату	Кескіндерді көрсету уақыты	Power Тұтынылатын
Күту режимі	[] түймесін басып тұрыңыз.	Ұзақ (шамамен 8 секунд)	Қуат тұтыну деңгейі төмен
AV mute функциясы	[] түймесін жылдам басыңыз	Қысқа	Күту режиміне қарағанда көбірек



Бұл өнім 20 минут әрекетсіз күйде болғанда немесе AV mute функциясы қосулы болса, 20 минуттан кейін автоматты түрде күту режиміне (тек 1 режимде) ауысады.

→ “**Кеңейтілген функциялар**” б19.



Кеңейтілген функциялар


Екі түймені бір уақытта басу арқылы кеңейтілген функцияларға қатынасуға болады.

Кеңейтілген функциялар күйін дисплейде немесе жарық диодының индикаторын пайдалану арқылы тексеруге болады.

2D және 3D дисплейі арасында ауысу

Бұл өнім қатарлас 3D дисплей пішімін пайдаланады.

2D және 3D режимдері арасында ауысу үшін, [] және [] пернелерін бір уақытта басыңыз.






Режимдерді ауыстырған кезде дисплейде төмендегі жазу көрсетіледі.



Экран жарықтығын автоматты түрде реттеу

Бұл өнім пайдаланылып жатқан қоршаған орта жарықтығына байланысты экранның жарықтығын автоматты түрде реттей алады.



Жарықтықты автоматты түрде реттеуді қосу немесе өшіру үшін, [] және [] пернелерін бір уақытта басыңыз.









Режимдерді ауыстырған кезде дисплейде төмендегі жазу көрсетіледі.




Режим параметрін өзгерту

Келесі үш режим қолжетімді. Режимді ауыстыру үшін, [] пернесін және [] түймесін бір уақытта басыңыз.




	Қуат үнемдеу мүмкіндігі*1	[] түймесі*2	Режимді ауыстырған кезде	
			жарық диодының индикаторы*3	Display
1-режим (Әдепкі орнату)	Қосулы	Қолжетімді әрекеттер	Ақ түспен бір рет жыпылықтайды	 Auto :ON
2-режим	Өшірулі	Қолжетімді әрекеттер	Ақ түспен екі рет жыпылықтайды	 Auto :OFF
3-режим	Өшірулі	Қолжетімсіз әрекеттер	Ақ түспен үш рет жыпылықтайды	 Auto :OFF 

*1 Бірде-бір кескін енгізілмей, әрекетсіз 20 минут өткеннен кейін немесе AV дыбысын өшіру режимі қосылған соң 20 минуттан кейін, бұл мүмкіндік автоматты түрде күту режиміне ауысады.

*2 [] түймесі кескіндерді көрсетеді/жасырады. Күту режиміне ауысу үшін басыңыз.

➔ **“Күту режимі және AV Mute функциясы” б18.**

*3 Режимді параметрлерді орнатқаннан кейін бірден жарық диодының индикаторы ақ түспен жыпылықтау санына қарап тексеруге болады.

3-режимде [] түймесі өшеді, ол дисплейді үнемі көрсету керек болғанда, қателікке бой алдырмауға көмектеседі.


Гарнитураны тағу

- 1 Тұтқаларын екі қолыңызбен ашыңыз да, гарнитураны тағыңыз.



! Гарнитураның тұтқаларын ашу кезінде шамадан тыс күш жұмсамаңыз.

- 2 Кескінді көре алатындай етіп, гарнитураның орналасуын реттейді.



- Кескіннің қалай қабылданатындығы әр адамға байланысты өзгеріп отырады.
- Құлаққап микрофонын құлаққап микрофонының ұяшығына жалғауға болады.

СТИА стандартына сәйкес келетін құлаққапты пайдаланыңыз.

Құлаққап микрофоны немесе басқа кабельдер ажыратылған болса немесе мазмұн ойнатылып жатқанда жалғанса, шуыл естілуі мүмкін.



Құлаққап микрофонын киіміңізге қысып қоюға болады.




Өнімді тағу кезінде кабельдер айналадағы ешбір нәрсеге ілінбейтінін тексеріңіз. Сонымен қатар кабельдер мойыныңызға оралмайтынына көз жеткізіңіз.

Көзілдірікті қию

Гарнитураны көзілдірік үстіне тағуға болады. (Гарнитураны ені шамамен 147 мм тең көзілдіріктің сыртынан тағуға болады.)



- Тағу кезінде көзілдірікті және гарнитураның объективін зақымдап алмаңыз.
- Көзілдірігіңіздің пішіміне байланысты гарнитура көзілдірік үстіне тағылмауы мүмкін.




Мұрын тіректері көзілдіріктің үстіне орнатылады.



Қалқаны пайдалану

Гарнитураны таққан кезде, қоршаған орта жарығы экран көрінбейтіндей тым жарқын болса, қалқаны бекітіңіз.

→ **“Қара әйнекті бекіту және алып тастау” 625.**

Қалқа қажетсіз болған кезде, оны қайырып қойыңыз.



[ / ] пернелерін пайдалану арқылы экран жарықтығын реттеуге болады.


→ **“Интерфейс блогы” 611.**

Белдік қысқышын/кабель ұстағышын пайдалану

Белдік қысқышын немесе кабель ұстағышын пайдалану арқылы интерфейс блогын белдікке бекітуге болады.

Сондай ақ сатылымда қолжетімді лентаны және соған ұқсас затты пайдалану арқылы артық кабельдерді кабель ұстағышына бекітуге болады.


1 Берілген бұранданы пайдаланып, белдік қысқышын интерфейс блогына бекітіңіз.




Белдік қысқышының бағытын өзгерту арқылы интерфейс блогын 90 градусқа айналдыруға болады.



2 Кабельді жалғаңыз.




3 Қысқышты белдікке бекітіп, әрекетті жалғастырыңыз.



Белдік қысқышын/кабель ұстағышын пайдалану



Кабель ұстағышын белдікке бекіту үшін осы процедураны пайдаланыңыз. Сатылымда қолжетімді лентаны және соған ұсқас затты пайдалану арқылы басқа кабельдерді айналасындағы заттарға ілініп қалмайтындай етіп бекітуге болады.



Сақ болыңыз

- Кабельдерді мүмкіндігінше денеңізге жақын ұстаңыз. Салбырап тұрған кабельдер айналасындағы заттарға ілініп қалса, жарақат алу не жазатайым оқиға орын алуы мүмкін.
- Гарнитура кабелін тартпаңыз. Егер гарнитура ажыратылып қалса, жарақат алу не жазатайым оқиға орын алуы мүмкін.
- Белдік қысқышы/кабель ұстағышы белдікті мықтап ұстап тұруға арналғандықтан, бекіту немесе шығару кезінде белдіктің беті сызатталады. Оларды былғары белдікке немесе жарқырайтын белдіктерге тағудан бас тартыңыз немесе белдіктің бетін қорғау үшін, ұстағышпен жанасатын аймақтарға жұқа матаны және т.б. орналастырыңыз.

Бөлшектерді ауыстыру



Қара әйнекті бекіту және алып тастау



Қалқаны ауыстырған кезде, BT-350 жабдығына арналған опцияны сатып алғаныңызға көз жеткізіңіз.



■ Қалқаны бекіту

Қара әйнекті бұрыш бойынша ұстап тұрып, гарнитураның ортасындағы шығыңқы бөлімдеріне (екі нүкте) қарай басыңыз.



■ Қалқаны алып тастау

Қалқаны алып тастау үшін, оны қайырыңыз, содан кейін басып, өзіңізге қарай тартыңыз.




Егер қара әйнекті шамадан тыс күш жұмсап тартсаңыз немесе бассаңыз, қара әйнек пен линзалары зақымдалуы мүмкін. Қалқаға шамадан тыс күш жұмсамаңыз.

Имек тұтқаның сабын ауыстыру




Имек тұтқа сабын ауыстырған кезде, BT-350 жабдығына арналған опцияны сатып алғаныңызға көз жеткізіңіз.


- 1 Шеңбермен белгіленген бөлігін басып (○), имек тұтқа сабының бастиегін алып тастаңыз.




- 2 Қалған имек тұтқаның сабын сырғытыңыз.



- 3 Ауыстырылатын имек тұтқаның сабын гарнитурадағы ойыққа сырғытыңыз.



- 4 Шеңбермен белгіленген бөлігін басып тұрғанда (○), имек тұтқа сабының бастиегін бекітіңіз.




Мұрын тіректері ауыстыру




Мұрын тіректерін ауыстырған кезде, BT-350 жабдығына арналған опцияны сатып алғаныңызға көз жеткізіңіз.

- 1 Мұрын тіректерін алып тастау үшін, оларды өзіңізге қарай тартыңыз.**



- 2 Мұрын тіректері бекітіңіз.**



Қолдау көрсетілетін жабдық және бағдарламалық жасақтама

Сыртқы құрылғы

HDMI® дисплейі	Қолдау көрсетілетін жабдық	HDMI порттары бар бейне шығыс жабдығы
	Ажыратымдылық (кадр жиілігі)	1920 x 1080 (60 Гц/59,94 Гц), 1280 x 720 (60 Гц/59,94 Гц), 1280 x 720 (30 Гц), 640 x 480 (60 Гц)
DisplayPort дисплейі	Қолдау көрсетілетін жабдық	USB Type-C ¹ коннекторында DisplayPort Alternate Mode режиміне қолдау көрсететін USB Type-C порттары бар компьютерлер мен смарт құрылғылар
	Ажыратымдылық (кадр жиілігі)	1920 x 1080 (60 Гц/59,94 Гц), 1280 x 720 (60 Гц/59,94 Гц), 1280 x 720 (30 Гц), 640 x 480 (60 Гц)

*1 HDMI деректерді тасымалдауға қолдау көрсетілмейді.

Кескіндер басқа ажыратымдылықтарда дұрыс көрсетілмеуі мүмкін.

Датчиктер және камера

Қолдау көрсетілетін жабдық	USB Type-C порттары бар компьютерлер мен смарт құрылғылар
Қолдау көрсетілетін операциялық жүйелер	Windows 10 және Android™ OS 7.0 немесе кейінгі нұсқасы

Гарнитура датчиктерін немесе камерасын пайдаланған кезде, қосылу керек сыртқы құрылғыға датчикті немесе камера қосу функциясы бар қолданбаны орнату керек.

Бұл өнімнің камера функциясы UVC1.1 стандартына сәйкес келеді.

Бағдарламалық жасақтама әзірлеу жинағы

Қолданбадан датчикті, камераны және дисплейді басқару үшін, арнайы SDK (Бағдарламалық жасақтама әзірлеу жинағы) керек.

Қосымша ақпарат алу үшін әзірлеуші нұсқаулығын (<https://tech.moverio.epson.com/en/bt-35e/document.html>) қараңыз.

Микробағдарламаны жаңарту

Төмендегі жүктеп алу сайтынан
микробағдарламаны компьютерге жүктеп
алыңыз, содан кейін Epson BT-35E жаңарту
құралын пайдалану арқылы оны жаңартыңыз.

Қосымша ақпарат алу үшін
микробағдарламаның шығарылым жазбаларын
қараңыз.

<https://tech.moverio.epson.com/en/bt-35e/download.html>

Техникалық қызмет көрсету

Гарнитураны тазалау

- Кескінде белгілерді көрсеңіз немесе кескін бұлыңғыр болса, объективте кір, шаң, саусақ іздері және т.б. бар-жоғын тексеріңіз.

Оптикалық әйнектер шаң немесе кір болса, жұмсақ шүберекпен мұқият сүртіп алыңыз.



Әйнектерді сүрту кезінде әйнек тазалау сұйықтықтарын немесе органикалық ерітінділерді пайдаланбаңыз.

- Камера кір болса, оны жұмсақ шүберекпен мұқият сүртіңіз.
- Әйнектері немесе камерадан басқа кез келген бөлшектері кір болса, оларды дымқыл майлықпен сүртіңіз.

Гарнитураны сақтау

- Гарнитураны сақтау кезінде, оны жеткізілген қаптамасына немесе тасуға арналған сөмкесіне салып қойыңыз.
- Гарнитураны салу кезінде қатты нысандарға тимеуі үшін оны көлденең күйінде салыңыз. Гарнитураның әйнегі төмен қаратып салынса және әйнек қатты нысандарға тисе, әйнек зақымдалуы мүмкін.

Коннектор порттарын тазалау

- Интерфейстегі коннекторлар лас болса немесе оларға бөгде заттар жабысса, олар дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін. Әр үш ай сайын кірді құрғақ шүберекпен немесе мақта тампонмен сүртіңіз.



Сақ болыңыз

- Коннектор порттарын саусағыңызбен немесе қатты затпен зақымдап алмаңыз.
- Коннектор порттарына су тигізбеңіз. Коннектор порттарын тазалаған кезде, құрғақ шүберекті немесе мақта тампонды пайдаланыңыз.

Ақаулықтарды жою

Өнім дұрыс жұмыс істемеген жағдайда, төмендегідей әрекет етіңіз.

Кескін көрсетілмеді


- Кез келген кабельдер тексерісі ажыратылды.
- Жарық диодының индикаторы үш секундтан аса сарғылт түспен жыпылықтаса, қате орын алды.
➔ **“Бөлшек аттары мен функциялар” 611.**



Арнайы USB қуат көзінің кабелін немесе қуат көзі болып табылатын USB C түріндегі кабельді ажыратып, шамалы күте тұрыңыз да, қайта жалғаңыз.

- USB C түріндегі қосылым арқылы кескіндер көрсетілмесе, жалғанған жабдық USB C түрі арқылы бейне шығысына қолдау көрсететінін тексеріңіз. Бұл өнім USB C түрі үшін DisplayPort Alternate mode (DP ALT mode) режиміне қолдау көрсетеді.

Кескіндер бұлыңғыр

- Кабельдерді қайта жалғаңыз.
- Жалғанған жабдықты қайта іске қосыңыз.

[] түймесін басқан кезде дисплей жасырылмайды



Өнімді кеңейтілген функциялардағы 3-режимге орнатуға болады. 1- немесе 2-режимді орнату үшін [] пернесін және [] түймесін бірге басып тұрыңыз.

➔ **“Кеңейтілген функциялар” 619.**

Дыбыс естілмейді

- Құлаққап мықтап жалғанғанын тексеріңіз.
- Дыбыс деңгейі дұрыс орнатылғанын тексеріңіз.
- Шығыс жабдықтан аудио шығып тұрғанын тексеріңіз.
- Қосқышпен тыңдау құралының микрофоны ретінде пайдаланатын стандартты тыңдау құралы микрофонының түріне байланысты оны пайдалана алмауыңыз мүмкін.

Экранның жарықтығын реттеу мүмкін емес

- Өнім қатты қызып кетсе, өнімді қорғау үшін кескін жарықтығы азайтылуы мүмкін. [ / ] пернелерін басу арқылы жарықтық шектелгенін тексеруге болады.

Қалыпты операция	Жарықтық шектеулі
 10	 10

Сипаттамалар

Өнім сипаттамалары

Үлгі нөмірі	BT-35E (H935A)	
Материал	Si-OLED	
Панель өлшемі	0,43" кең панель (16:9)	
Ажыратымдылық	1280x720	
Көрініс бұрышы	Шамамен 23 градус (диагонали бойынша)	
Виртуалды экран көлемі	40" қолдау (виртуалды көрсету қашықтығы 2,5 м)	
Түсті көрсету	24 биттік түс (шамамен 16 770 000 түс)	
Қолдау көрсетілетін 3D	Қатарлас формат	
Коннектор порттары	Интерфейс блогы коннекторының порттары, 4 істікті шағын ұяшық (СТИА стандартына сәйкес келетін микрофоны бар құлаққаптар)*1, USB Type-C, HDMI, USB Micro-B (тек қуат көзі)	
Жұмыс температурасы	5 - 35°C ылғалдығы 20 - 80% (конденсациясыз)	
Сақтау температурасы	-10 - 60°C ылғалдығы 10 - 90% (конденсациясыз)	
АТ адаптері	Үлгі нөмірі	PSAF10R-050Q
	Өндіруші	PHIHONG TECHNOLOGY CO., LTD.
	Номиналды шығыс кернеу/ток	5 В/2 А
Сыртқы өлшемдер (Е x Т x Б)	Гарнитура	193 x 189 x 30 мм (қалқасыз)
	Интерфейс блогы	85 x 52 x 15 мм
Салмақ	Гарнитура	Шамамен 119 г (қалқасыз және кабельдерсіз)
	Интерфейс блогы	Шамамен 45 г
Камера	5 миллион пиксель (Pan focus)	
Құлақаспап шығысы	Макс. кернеу 150 мВ немесе азырақ 75 мВ немесе көбірек кең жолақ сипаттамаларына ие кернеу	
Датчиктер	геомагниттік датчик/жылдамдатқыш/гироскоптық датчик/жарықтық датчигі	

*1 Адаптер тығынын қолданған кезде жұмыс шектеулері пайда болуы мүмкін.

Бейне шығысы


HDMI (A түрі)	HDMI	Нұс. 1.4
	Ажыратымдылық (кадр жиілігі)	1920 x 1080 (60 Гц/59,94 Гц), 1280 x 720 (60 Гц/59,94 Гц), 1280 x 720 (30 Гц), 640 x 480 (60 Гц)
	EDID	Қолдау көрсетіледі
	CEC	Қолдау көрсетілмейді
	HDCP	Нұс. 1.4
	3D пішімдері	Қолдау көрсетілмейді
	HDMI дерек тасымалы	Қолдау көрсетілмейді
USB Type-C	Бейне интерфейсі	DisplayPort Alternate Mode (DP Alt Mode)
	Ажыратымдылық (кадр жиілігі)	1920 x 1080 (60 Гц/59,94 Гц), 1280 x 720 (60 Гц/59,94 Гц), 1280 x 720 (30 Гц), 640 x 480 (60 Гц)
	EDID	Қолдау көрсетіледі
	HDCP	Нұс. 1.3

Қуат

Интерфейс	USB Type-C	USB Type-C тогы @ 1,5 A
	USB Micro-B	5,0 В/1,5 А (ТТ кірісі)
Электр көзін тұтыну		Жұмыс: шам. 6,5 Вт Күту режимінде қуатты тұтыну (Байланысты қосу): 2,0 Вт Күту режимінде қуатты тұтыну (Байланысты өшіру): 0,3 Вт

Интеллектуалдық меншік құқықтары

Шартты белгілер Осы нұсқаулықта Microsoft® Windows® 10 операциялық жүйесі "Windows 10" ретінде берілген.

Сауда белгілері "EPSON" – Seiko Epson Corporation компаниясының тіркелген сауда белгісі. "EXCEED YOUR VISION" – Seiko Epson Corporation компаниясының тіркелген сауда белгісі немесе сауда белгісі.
Windows – АҚШ және басқа елдерде Microsoft корпорациясының тіркелген сауда белгісі.
HDMI және High-Definition Multimedia Interface – HDMI Licensing LLC компаниясының сауда белгілері. 
USB Type-C™ – USB Implementers Forum ұйымының сауда белгісі.
Android™ – Google LLC. компаниясының сауда белгісі.
Мұнда пайдаланылған басқа өнім атаулары да тек идентификациялау мақсатында берілген және тиісті иелерінің сауда белгілері болуы мүмкін. Epson компаниясы ол белгілердегі кез келген және барлық құқығынан бас тартады.

Жалпы ескертпелер

Пайдалану шектеулері Бұл өнім сатылатын елдің сипаттамалары негізінде өндіріледі. Өнімді сатылатын елден тыс жерлерде пайдаланғанда, жақын арадағы қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Бұл өнім асқан жауапкершілікті/қауіпсіздікті қажет ететін әуе жолдары, теміржол, кеме тасымалы, көлік тасымал құрылғылары; оқыс оқиғаның алдын алу құрылғылары; түрлі қауіпсіздік құрылғылары сияқты қолданбаларда пайдаланылғанда, қауіпсіздік пен жалпы жүйенің дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін қауіпсіз түрде істен шығару және артықшылығын ескергеннен кейін ғана өнімді пайдалануыңыз қажет.

Бұл өнім әуе кеңістігінің құрылғысы, негізгі байланыс жабдығы, атом қуатын басқару жабдығы немесе медициналық құрылғылар сияқты асқан жауапкершілікті/қауіпсіздікті қажет ететін қолданбаларда пайдалануға арналмағандықтан, бұл өнімнің қандай мақсатта қолданылуы қажеттігін өз тарапыңыздан толық баға беріп, шешім қабылдаңыз.

Аутентификация
ақпараты

U.S.A./Canada



Europe








Қауіпсіздік таңбаларының тізімі

Келесі кестеде жабдықта белгіленген қауіпсіздік таңбаларының мағынасы келтіріледі.

No.	Таңба белгісі	Бекітілген стандарттар	Мағынасы
1		IEC60417 № 5007	"ҚОСУЛЫ" (қуат) Қуат көзіне жалғаулы екенін көрсету үшін.
2		IEC60417 № 5008	"ӨШІРУЛІ" (қуат) Қуат көзінен ажыратылғанын көрсету үшін.
3		IEC60417 № 5009	Күту Күту жағдайына әкелу үшін жабдықтың қай бөлігі қосулы екені арқылы қосқышты немесе қосқыш күйін анықтау үшін.
4		ISO7000 № 0434B IEC3864-B3.1	Сақ болыңыз Өнімді пайдалану кезінде жалпы сақтандыруды анықтау үшін.
5		IEC60417 № 6042 ISO3864-B3.6	Абай болыңыз, ток соғу қаупі Жабдықтың ток соғу қаупі бар екенін анықтау үшін.

No.	Таңба белгісі	Бекітілген стандарттар	Мағынасы
6		IEC60417 № 5957	Тек бөлме ішінде қолдануға арналған Электр жабдықтың тек көбіне бөлме ішінде қолдануға арналғанын анықтау үшін.
7		IEC60417 № 5926	Тұрақты қуат қосқышының кереғарлығы Тұрақты қуат қосқышының қосылуы мүмкін жабдық бөлігіндегі оң және теріс қосылымдарды (кереғарлық) анықтау үшін.
8		IEC60417 № 5017	Жер Жерге қосуға арналған терминалды анықтау үшін.
9		IEC60417 № 5032	Айнымалы ток Техникалық деректер тақтасында жабдықтың тек айнымалы токқа сәйкес екендігін көрсету; сәйкес терминалдарды анықтау үшін.

No.	Таңба белгісі	Бекітілген стандарттар	Мағынасы
10		IEC60417 № 5031	Тікелей ток Техникалық деректер тақтасында жабдықтың тек тікелей токқа сәйкес екендігін көрсету; сәйкес терминалдарды анықтау үшін.
11		IEC60417 № 5172	II класты жабдық Жабдықтың IEC 61140 стандартына сәйкес II класты жабдыққа арналған қауіпсіздік талаптарына сәйкес келетіндігін анықтау үшін.
12		ISO 3864	Жалпы тыйым Тыйым салынған әрекеттер немесе операцияларды анықтау үшін.
13		ISO 3864	Жанасу тыйымы Жабдықтың белгілі бір бөлшектеріне жанасудан туындайтын жарақаттарды көрсету үшін.
14		IEC60417 № 5266	Күту режимі, жартылай күту режимі Жабдықтың бір бөлігі дайын күйде екенін көрсету үшін.

Epson проекторының контактілер тізімі

Мекенжай тізімі 2018 жылдың мамыр айымен жаңартылған.

Жаңартылған байланыстар тізімін осы жерде берілген веб-сайттан алуға болады. Өзіңізге қажетті ақпаратты бұл парақшалардан таба алмасаңыз, Эпсон компаниясының веб-сайтының негізгі парақшасын қараңыз: www.epson.com.

EUROPE, MIDDLE EAST & AFRICA

ALBANIA

ITD Sh.p.k.

<http://www.itd-al.com>

AUSTRIA

Epson Deutschland GmbH

<http://www.epson.at>

BELGIUM

Epson Europe B.V.

Branch office Belgium

<http://www.epson.be>

BOSNIA AND HERZEGOVINA

NET d.o.o. Computer
Engineering

<http://www.net.com.ba>

BULGARIA

Epson Service Center Bulgaria

<http://www.kolbis.com>

CROATIA

MR servis d.o.o.

<http://www.mrservis.hr>

CYPRUS

Mechatronic Ltd.

<http://www.mechatronic.com.cy>

CZECH REPUBLIC

Epson Europe B.V.

Branch Office Czech Republic

<http://www.epson.cz>

DENMARK

Epson Denmark

<http://www.epson.dk>

ESTONIA

Epson Service Center Estonia

<http://www.epson.ee>

FINLAND

Epson Finland

<http://www.epson.fi>

FRANCE & DOM-TOM TERRITORY

Epson France S.A.

<http://www.epson.fr>

GERMANY

Epson Deutschland GmbH

<http://www.epson.de>

GREECE

Oktabit S.A.

<http://www.oktabit.gr>

HUNGARY

Epson Europe B.V.

Branch Office Hungary

<http://www.epson.hu>

IRELAND

Epson (UK) Ltd.

<http://www.epson.ie>

Epson проекторының контактілер тізімі

ISRAEL

Epson Israel
<http://www.epson.co.il>

ITALY

Epson Italia s.p.a.
<http://www.epson.it>

KAZAKHSTAN

Epson Kazakhstan Rep. Office
<http://www.epson.kz>

LATVIA

Epson Service Center Latvia
<http://www.epson.lv>

LITHUANIA

Epson Service Center Lithuania
<http://www.epson.lt>

LUXEMBURG

Epson Europe B.V.
Branch office Belgium
<http://www.epson.be>

MACEDONIA

Digit Computer Engineering
<http://www.digit.com.mk>

NETHERLANDS

Epson Europe B.V.
Benelux sales office
<http://www.epson.nl>

NORWAY

Epson Norway
<http://www.epson.no>

POLAND

Epson Europe B.V.
Branch Office Poland
<http://www.epson.pl>

PORTUGAL

Epson Ibérica S.A.U.
Branch Office Portugal
<http://www.epson.pt>

ROMANIA

Epson Europe B.V.
Branch Office Romania
<http://www.epson.ro>

RUSSIA

Epson CIS
<http://www.epson.ru>

UKRAINE

Epson Kiev Rep. Office
<http://www.epson.ua>

SERBIA

Atom partner
<http://www.atompartner.rs/wp/>
EWE Comp
<http://www.ewe.rs>

SLOVAKIA

Epson Europe B.V.
Branch Office Czech Republic
<http://www.epson.sk>

SLOVENIA

Birotehna d.o.o.
<http://www.birotehna.si>

SPAIN

Epson Ibérica, S.A.U.
<http://www.epson.es>

SWEDEN

Epson Sweden
<http://www.epson.se>

SWITZERLAND

Epson Deutschland GmbH
Branch office Switzerland
<http://www.epson.ch>

TURKEY

Tecpro Bilgi Teknolojileri Tic. ve
San. Ltd. Sti.
<http://www.tecpro.com.tr>

UK

Epson (UK) Ltd.
<http://www.epson.co.uk>

AFRICA

<http://www.epson.co.za>
or
<http://www.epson.fr>

SOUTH AFRICA

Epson South Africa
<http://www.epson.co.za>

Epson проекторының контактілер тізімі

MIDDLE EAST

Epson (Middle East)

<http://www.epson.ae>

NORTH, CENTRAL AMERICA & CARIBBEAN ISLANDS

CANADA

Epson Canada, Ltd.

<http://www.epson.ca>

COSTA RICA

Epson Costa Rica, S.A.

<http://www.epson.co.cr>

MEXICO

Epson Mexico, S.A. de C.V.

<http://www.epson.com.mx>

ECUADOR

Epson Ecuador

<http://www.epson.com.ec>

U. S. A.

Epson America, Inc.

<http://www.epson.com>

SOUTH AMERICA

ARGENTINA

Epson Argentina S.R.L.

<http://www.epson.com.ar>

BRAZIL

Epson do Brasil

<http://www.epson.com.br>

CHILE

Epson Chile S.A.

<http://www.epson.cl>

COLOMBIA

Epson Colombia Ltd.

<http://www.epson.com.co>

PERU

Epson Peru S.A.

<http://www.epson.com.pe>

VENEZUELA

Epson Venezuela S.A.

<http://www.epson.com.ve>

ASIA & OCEANIA

AUSTRALIA

Epson Australia Pty. Ltd.

<http://www.epson.com.au>

CHINA

Epson (China) Co., Ltd.

<http://www.epson.com.cn>

HONG KONG

Epson Hong Kong Ltd.

<http://www.epson.com.hk>

INDIA

Epson India Pvt., Ltd.

<http://www.epson.co.in>

Epson проекторының контактілер тізімі

INDONESIA

PT. Epson Indonesia
<http://www.epson.co.id>

JAPAN

Seiko Epson Co.
Toyoshina Plant
<http://www.epson.jp>

KOREA

Epson Korea Co., Ltd.
<http://www.epson.co.kr>

MALAYSIA

Epson Malaysia Sdn. Bhd.
<http://www.epson.com.my>

NEW ZEALAND

Epson New Zealand
<http://www.epson.co.nz>

PHILIPPINES

Epson Philippines Co.
<http://www.epson.com.ph>

SINGAPORE

Epson Singapore Pte. Ltd.
<http://www.epson.com.sg>

TAIWAN

Epson Taiwan Technology & Trading Ltd.
<http://www.epson.com.tw>

THAILAND

Epson (Thailand) Co.,Ltd.
<http://www.epson.co.th>
